



Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының «Алатау ардагері» газеті ұжымы облыс аудандарының саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени салаларын ашып көрсететін әр ауданға арнайы номерлер шығаруды көптен бері жоспарлап келе жатқан еді. Соның реті енді келген секілді. Осы бағыттағы тұсаукесер номеріміз шөл мен көлдің түйіскен жері Балқаш ауданы туралы шығып отыр. Сонымен «Алатау ардагері»-Балқаш ауданында!



АЛАТАУ Ардагері

Үлкендер жолы – ұлық!



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№44(54) 1 қараша 2024 жыл

Облыс әкімі-ауданда

Өңірдегі өзекті мәселелер талқыланды

Өткен аптаның жұмысы күні облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев ауданымызға арнайы іс-сапармен келіп, аудандық Мәдениет үйінде аудан тұрғындары алдында өзінің есептік кездесуін өткізді.

Кездесу жиын басталмас бұрын облыс басшысы аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдап, тұрғындар тарапынан көтерілген барлық ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдау аяқталғаннан

кейін Мәдениет үйінде ұйым-дас-тырылған аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің, Бақанас аграрлы - индустриялық колледжінің, аудандық кітапхананың көшпелі кітап сөресі және аудандық ауыл шаруашылық өнімдері қойылған көрмені тамашалап, олардың жұмыстарына сәттілік тіледі.

Жиын барысында алдымен аудан әкімі Азат Құтпанбетов аудан көлемінде жыл басына бері атқарылған ауқымды жұмыстары жайында баяндама жасап, алдағы уақытта жоспарланған жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

Аудан басшысы өзінің баяндамасында «Ауыл аманаты», «Кең

дала» және «Агробизнес» бағдарламалары, сондай-ақ қысқы мал азығын дайындау, бөлшек тауар айналымы, пайдаланбай жатқан жер телімдерін қайтару, ветеринария және өнеркәсіп, инвестиция салу, орта және кіші кәсіпкерлікті дамыту, құрылыс саласы, табиғи газ құбырын тарту және жол салу жұмыстары бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға баса тоқталды.

Келесі кезекте сөз алған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев облыс көлеміндегі атқарылған жұмыстар жайында баяндамасын жасап, Балқаш ауданы аграрлы аудан болғандықтан бұл өңірдің әлеуметі зор екенін және егін, мал



шаруашылықтарды қатар дамытуға қолайлы екенін тілге тиек етті.

Баяндама барысында облыс басшысы Тасмұрын магистральды каналының бастапқы су алу гидроторабын жаңғырту және оның магистральды каналын мол сумен қамту үшін Іле өзенінен бұрандалы бөгет салуға қатысты жобалық-сметалық құжаттамалары әзірленіп жатқанын, ауыл шаруашылығы саласында шикізаттық бағытынан өнімдерді тереңдете өңдеуге көшуіміз қажет екенін қандап айтты. Және де қайта өңдеу өндірістерін ашуға инвесторлар тарту – маңызды міндет екенін айта келе, «Бір ауыл-бір өнім» жобасы аясында біздің ауданда 206 жоба іске қосылғанын айтты.

Сонымен қатар шағын және орта бизнес кәсіпкерлеріне арналған түрлі бағдарламалар бар екенін айта келе «Даму» қоры мен «Аграрлық неси

корпорациясы», «ҚазАгроҚаржы» ұйымдарының несиелік, кепілдік және субсидиялық өнімдері, «Ауыл аманаты», жастарға арналған жеңілдетілген несиелер, әлеуметтік кәсіпкерлер мен осал отбасылар үшін қайтарымсыз гранттардың жүзеге асырылып жатқанын тілге тиек етіп, ауылдық округ әкімдері тұрғындар арасында мемлекеттік қолдау бойынша түсіндіру жұмысын тұрақты жүргізіп, қызығушылық танытқан жандарға өз кәсібін ашуға ықпал жасап, ауыл әкімдерімен бірге кәсіпкерлік басқармасы және өңірлік даму орталығы бірлесіп инвесторларды тарту жұмысын жандандыру мәселесін атап өтті.

Күн тәртібіне байланысты баяндамалар толықтай тыңдалғаннан кейін аудан тұрғындары өздерінің көкейтесті сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптарын алды.

Өз тілшімізден.



Аудан тынысы

Балқаш ауданының әкімі А. ҚҰТПАНБЕТОВ: КЕЛЕШЕККЕ ЖОЛ ТАРТҚАН АУДАН

Ғұмыр жолы санаулы жылдардан соң ғасыр толатын ауданымыздың бүгінгі тыныс-тірлігінде бірқатар жұмыстар атқарылып, болжамдар белгіленіп отыр.

Ауылшаруашылығы саласы бойынша ағымдағы жылдың 8 айында ішкі жалпы өнім көлемі 18 млрд. 966,9 млн. теңгені құрап, нақты көлем индексі 100,7%-ға орындалды.

Өнеркәсіп саласы бойынша 2024 жылдың 9 айында өнеркәсіп өнімінің көлемі 2 млрд. 416,1 млн. теңгеге өндіріліп, нақты көлем индексі 105,7%-ды құрады.

Ағымдағы жылдың қазан айының соңында Бақанас ауылында «БиоКарбон» ЖШС-нің жылына 550 тонна сутекті кремнилі композит өндіретін зауыты іске қосылатын болады.

Инвестиция саласы бойынша 5 млрд. 175,2 млн.теңге негізгі капиталға инвестиция тартылып, нақты көлем индексі 105,7%-ды құрады. Алға қойған жылдық тапсырманы орындауға жұмыстар атқарылууда.

Егін шаруашылығы бойынша ағымдағы жылы 28 570,6 га жерге егіс егіліп, оның ішінде дәнді дақылдар 12 610,6 га құрады (күріш – 6696,9 га, арпа-бидай – 6144,8 га), мал азықтық дақылдары – 15 728,9 га.

Бүгінгі күнге күріш дақылын ору жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жоспарлы 6 696,6 га күріштік алқаптың 5 410 га бастырылып, орташа өнімділік әр гектарынан 43,1 центнерден айналууда.

Мал шаруашылығында өндірілген тірі салмақтағы ет 9 638,7 тоннаны құрап, нақты көлем индексі 104,6%-ды, сүт 9 794,1 тонна өндіріліп, нақты көлем индексі 114,1%-ды құрады.

Аудан көлемінде барлық ірі-қара малы 103 272 басты құрап, 122,8%-ға, жылқы 29

853 басты құрап, 140%-ға, қой-ешкі 104 888 басты құрап, 144,4%-ға орындалды.

Мал азығын дайындау бойынша бүгінгі күнге 120,0 мың тонна мал азығы дайындалды.

«Ауыл Аманаты» бағдарламасы аясында 2023 жылы 133 тұрғын 964,4 тенге несиелі алып, өз кәсіптерін жүргізуде. Ал, 2024 жылы 122 азамат шағын несиеге 893,5 млн. теңгеге құжаттар рәсімделіп, «Қонаев» әлеуметтік қорына жолданды. Осы бағдарлама аясында етті және сүтті бағыттағы ірі-қара малдарын алуға «Мыңбай» шаруа қожалығымен келісілді. Мұның сыртында ара шаруашылығы, құс шаруашылығы, шұбат өндірісі мен басқа да бағыттар бойынша жобалар жасалды.

Жыл басынан «Кең Дала» бағдарламасы бойынша 7 жоба әзірленіп 181,5 млн.теңге; «Агробизнес» бағдарламасы бойынша 9 жоба әзірленіп 139,8 млн.теңге несиелі берілді.

Орта және кіші кәсіпкерлікті дамыту саласы бойынша 2702 кіші кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеп, онда 6145 адам жұмыспен қамтылды.

Бақанас ауылындағы 5 қабатты 40 пәтерлі жалгерлік тұрғын үй ағымдағы жылдың қазан айының соңына пайдалануға берілетін болады. Бақанас ауылында 219,5 млн. теңгеге жастарға қызмет көрсету орталығы ғимаратының құрылыс жұмыстары аяқталды, осы айдан бастап қолданысқа берілетін болады.

Аудан бойынша 20 елді мекенде орталықтандырылған ауыз су құбыры тұрақты жұмыс жасайды. Ауыз су жүйесінің ұзындығы 177,9 шақырым. Оның ішінде 41,1

шақырым жүйенің немесе 23,4%-ның тозығы жеткен. Елді мекенге шаққанда ауызсумен қамтылу 71,4% болса, халық санына шаққанда таза ауыз сумен қамту 95,5%-ды құрайды.

Ауданда газ желісіне бүгінде барлығы 762 үй қосылды. Тұрғын үйлерге газ желісін тарту жұмыстары жалғасуда. Миялы, Бақбақты, Бірлік, Бақанас, Ақдала, Боюлы ауылдары бойынша барлығы 2920 түгіннің жыл аяғына дейін 1730 үйін табиғи газға қосу жоспарлануда. Ақкөл, Үшжарма, Бура, Береке ауылдарына газ желісін тартуға жобалық-сметалық құжаттамалары дайындалып, сараптамадан өткізілуде.

Аудан бойынша аудандық және ауыл ішілік автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 240,4 шақырым оның ішінде жағдайы жақсы 79,3 шақырым, қанағаттанарлық 64,9 шақырым, қанағаттанарлықсыз 96,2 шақырым.

2024 жылы аудан көлеміндегі ішкі жолдарға жобалық сметалық құжаттамалар дайындалып, 8 көшесі сараптамадан өткізілді, қалған 20 көше құжаттары сараптамадан өткізілуде. Бүгінгі күнде Бақанас ауылының Қонаев көшесіне орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Бақанас ауылының Байқуатов, Бақбақты ауылының Хван, Миялы ауылының Малайсары көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар Бақанас және Ақдала ауылдарына көше шұңқырлары 15,4 млн.теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«Топар-Балатопар» тас жолының орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, бүгінгі күні 25 шақырымның 14,2 шақырымына асфальт салынды.

Сонымен қатар Ақжар-Аралтөбе тас жолының 11,5 шақырымы және Көктал ауылының кіре берісіндегі 5,7 шақырымы орташа жөндеуден толық өткізілді.

2024-2025 жылдары аралығында облыстық маңызы бар Жиделі - Құйған тас жолының 18 шақырымына, Бақанас-Қарой тас жолының 16 шақырымына облыстық жол басқармасы арқылы жобалық сметалық құжаттамаларын дайындауға сұраныс берілді.

Денсаулық сақтау саласы бойынша 1 орталық аудандық аурухана, 7 дәрігерлік амбулатория, 6 ФАП, 8 МП қызмет көрсетеді.

Білім беру саласында 2024-2025 оқу жылында 22 мектепте 5098 оқушы білім алууда. Аталған мектептерде 802 педагог білім беруде. Биылғы жылы «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы 25 жас маман жұмысқа қабылданып, қажетті үймен қамтылып, көтерме жәрдем ақылары берілді.

Ауданға қарасты 15 білім мекемелерінің газдандыру жұмыстарына 375,4 млн.теңге бөлінді.

Ауданда 15 мәдениет үйі, 15 кітапхана, 1 тарихи-өлкетану музейі, жастар ресурстық орталығы жұмыс атқарады.

Ақжар және Жиделі ауылдық мәдениет үйлерінің күрделі жөндеу жұмыстары аяқталуға тауа. Жыл соңына дейін мәдениет үйлері қолданысқа берілетін болады.

Ауданда 78 спорт нысандары бар (3 спорт кешені, 1 стадион, 29 спорт зал, 40 жазықтық құрылым, 5 икемдірілген спорт зал). Спорт және дене шынықтырумен айналысатын тұрғындар саны – 11 286 адам немесе 39,5% - ды құрайды.

Алматы облыстық құрылыс басқармасы арқылы Бақбақты ауылында 50 орынды спорт кешені құрылысын салу бойынша жобалық-сметалық құжаттамасы жасалып, мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысын алды.

Ауданда қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Әлеуметтік желілер назарда ұсталып, желіге шыққан ақпараттар тұрақты бақылауға алынған. Қоғамдық-саяси ахуал басты назарда.

Келешекке бет алған ауданның ертеңгі күні кемел болатынына сенім мол.

